

Спортивный тұйық көшесінің атын өзгерту және оған Н. Калмыковтың атын беру туралы

Бірлескен Қарағанды облысы Балқаш қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 51/09 қаулысы және Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 24 ақпандағы № 28/219 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 наурызда N 8-4-174 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, қалалық ономастикалық комиссиясының шешімінің негізінде, Спортивный тұйық көшесі тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, соғыс ардагері, батыр-фронтвик, Балқаш қаласының Құрметті азаматы, үш Даңқ ордендерінің иегері Николай Павлович Калмыковтың еңбегін бағалай отырып қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Спортивный тұйық көшесінің аты өзгертілсін және оған Н. Калмыковтың аты берілсін.

2. Осы бірлескен қаулының және шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Л.М. Түкбаеваға және қалалық мәслихаттың бюджет, заңдылық және азамат құқығы, экономика, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау бойынша тұрақты комиссиясының төрағасы жүктелсін (Е.К. Баймағанбетов).

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Қ. Тейлянов

Сессия төрағасы

Қ. Шағыров

Қалалық мәслихаттың хатшысы

И. Сторожко